

Жазушылар одағына қабылданды

2019 жылдың 9-желтоқсанында Жазушылар одағының 85 жылдығы мен Жастар жылына орай Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Филология және көптілді білім беру институты Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының 2 курс докторанты, жазушы-драматург, әдебиеттанушы Әлібек Байбол Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

Ерекше айта кететін нәрсе, Әлібек Уәлиханұлы – Одаққа өткен ең жас жазушының бірі. Оның қазіргі зерттеп жүрген тақырыбы – «Национальный код культуры в современной литературе Казахстана». 2019 жылы Әлібек Байбол көптеген Республикалық деңгейдегі әдеби байқаулардың жүлдегері атанып, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісуіне арналған салтанатты іс-шараға (Инаугурация) шақырылды.

Институт директоры – филология ғылымдарының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазыұлы, ал оның ғылыми жетекшісі – Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы-ғалым, поэтолог Әбішева Сәуле Жүнісқызы. Ғылым жолында ізденіп жүрген әріптесімізге денсаулық, отбасына бақыт тілей отыра, осы бір қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз!



